

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты

Ғылыми кеңес шешімімен
БЕКІТІЛДІ
Басқарма Төрағасы – Ректор
С.Қуанышбаев
2022 жылғы «04» мамыр, №10 хаттама



**Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында
оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы ереже**

Арқалық, 2022

1. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- оқу-әдістемелік кеңес – институттың оқу-әдістемелік жұмысын алқалық басқару нысаны;

- оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор (бұдан әрі - проректор) – институттың оқу-әдістемелік жұмысын тікелей басқаратын басшы;

- әдістемелік бірлестік – білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – ББ) іске асыру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу үшін ББ топтары (бұдан әрі – ББТ) бойынша профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) бірлестігі;

- оқу-әдістемелік жұмыс – білім беру үдерісін оқытушылық, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарға жеткізу үшін психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік және оқу-материалдық объектілермен қамтамасыз ету бойынша қызмет.

2. Оқу-әдістемелік жұмыс ғылым мен білімді интеграциялау, оқу және тәрбие процесін қамтамасыз ету және жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, ПОҚ біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

3. Оқу-әдістемелік жұмыстың міндеттері:

- ББ іске асыруды оқу-әдістемелік қамтамасыз ету;

- білім беру процесінің жаңа технологияларын, әдістерін, құралдары мен нысандарын әзірлеу, енгізу және қолданыстағыларын жетілдіру;

- ПОҚ шығармашылық ойлауын дамыту, біліктілігін және кәсіби шеберлігін арттыруды қамтамасыз ету, әдістемелік әлеуетін жетілдіру.

Оқу-әдістемелік жұмысқа басшылық жасау академиялық бағдарламалар, әдістемелік және ғылыми жұмыстар офисіне (бұдан әрі – АБӘҒЖО) жүктеледі.

4. Институттағы оқу-әдістемелік жұмыс келесі бағыттардан тұрады:

1) алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе мен білім беруді ақпараттандыруды қорыту және тарату жөніндегі іс-шараларды өткізу;

2) арналған оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың білім алушылардың ағымдық үлгеріміне әсерін талдау;

3) білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

4) білім алушылардың контингентін, олардың бейінін, дайындық деңгейін және мүмкіндіктерін ескере отырып, жыл сайын қалыптастыру жұмыстарын әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу;

5) білім беру процесін оқу әдебиеті және әдістемелік әзірлемелермен қамсыздандыру мониторингін жүзеге асыру;

6) оқытудың жаңа технологиялары бойынша оқу-әдістемелік құжаттар әзірлеу және енгізу;

7) ғылыми жобаларды, ғылыми-әдістемелік әзірлемелерді әзірлеу және конкурстарға қатысу, олардың нәтижелерін оқу процесіне енгізу;

8) педагогикалық кадрлар қажеттілігін болжау үшін деректер базасын құру мақсатында маркетингтік зерттеулерді ұйымдастыру;

9) диссертация, монография, ғылыми мақала, ғылыми-әдістемелік әзірлемеле, жобалардың сараптамасын жасау;

10) мәндел ББ бойынша бірыңғайландыру жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

11) нормативтік құқықтық құжаттарды, кәсіптік жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім мамандықтарының жіктеуішін, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу;

12) оқу үдерісіне қазіргі заманғы оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік, дидактикалық материалдарды, және оқытудың автоматтандырылған жүйелерін бағдарламалық қамтамасыз етуді, ақпараттық қамтамасыз ету жүйелерін, ақпараттық кітапханалық жүйелерін енгізу;

13) оқу жұмыс бағдарламаларын әзірлеу, типтік оқу бағдарламаларының жобаларын дайындауға қатысу;

14) оқу жұмыс жоспарлары мен оқу жұмыс бағдарламаларын МЖМБС-ының талаптарын ескере отырып сараптау;

15) оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік, оның ішінде электрондық тасымалдағыштағы, құралдарын және дидактикалық материалдарды әзірлеу;

16) оқытудың жаңа технологиялары бойынша оқу-әдістемелік құжаттар әзірлеу және енгізу;

17) оқыту сапасын, білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін талдау;

18) оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша тақырыптық семинар, конференция, вебинар, кеңестерді ұйымдастыру және өткізу.

5. Оқу-әдістемелік жұмыс оқу процесін, ББ іске асыратын, үйлестіретін барлық құрылымдық бөлімшелерде жүзеге асырылады.

6. Құрылымдық бөлімшелер келесі оқу-әдістемелік жұмысты жүзеге асырады:

1) факультеттердің, институттың оқу-әдістемелік жұмысына басшылық ету;

2) оқу-әдістемелік жұмыс бойынша нормативтік құқықтық құжаттарды сараптау және оларды оқу-әдістемелік кеңестің қарауы үшін ұсыным беру;

3) оқу-тәрбие процесінің, әдістемелік жұмыстың жағдайын талдау және оларды жетілдіру жөніндегі ұсынымдарды пысықтау;

4) оқу-әдістемелік өнімдердің жариялануына және таралуына талдау және ұсынымдама жасау.

7. Институттың оқу-әдістемелік жұмысына тікелей басшылықты проректор жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелердің оқу-әдістемелік жұмысына жалпы басшылықты АБӘҒЖО жүргізеді. Құрылу тәртібін, қызметін, құрамы мен өкілеттіктерін Ғылыми кеңес белгілейтін оқу-әдістемелік жұмысты басқару жөніндегі алқалы орган болып оқу-әдістемелік кеңес (далее – ОӘК) табылады.

8. ПОҚ оқу-әдістемелік құжаттамасы факультет кеңесінде, ОӘК-де талқыланады және оң қорытындысын алғаннан кейін проректор бекітеді.

9. АБӘҒЖО МЖМБС-ға, үлгілік оқу жоспарларына сәйкес ББ жұмыс оқу жоспарларын әзірлейді, олар факультет кеңесінде, ОӘК-те қаралады және оң қорытынды алғаннан кейін Ғылыми кеңесте бекітіледі.

10. Оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) ПОҚ үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес (міндетті компонент пәндері үшін) әзірлейді, факультет кеңесінде, ОӘК-те қаралады және проректор бекітеді.

11. Әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстарды ПОҚ әзірлейді. Факультет кеңесінде, ОӘК-те, Ғылыми кеңесте талқыланып оң қорытынды алғаннан кейін редакция және дизайн бөлімі арқылы шығарылады.

12. Әдістемелік бірлестіктер ББТ бойынша құрылады.

13. Міндеттерін орындау үшін әдістемелік бірлестік келесі функцияларды орындайды:

1) пәндердің жұмыс оқу бағдарламаларын және кәсіби практикалардың бағдарламаларын, емтихан билеттерін, дипломдық жұмыстардың (жобалардың) тақырыптарын, сондай-ақ ББТ пәндері бойынша өзге де оқу-әдістемелік құжаттаманы қарау;

2) оқу процесінің оқу және оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз етілуін талдау, оның сапасын арттыру бойынша шараларды жүзеге асыру;

3) оқу сабақтарының деңгейін арттыру жолдарын іздестіру, оқыту әдістемесін жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірлеу;

4) ББТ пәндерін әдістемелік қамтамасыз етуді одан әрі жетілдіру мақсатында білім алушылардың ағымдағы үлгерімінің жағдайын, аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін талдау;

5) кәсіби шеберлікті жетілдіру бойынша әдістемелік көмек көрсету мақсатында ББТ ПОҚ өткізетін сабақтарға өзара қатысудың жоспары мен нәтижелерінің орындалуын талдау.

2022 жылғы «31» тамыздағы, №1 хаттама, Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты Ғылыми кеңесінің шешімімен Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтында оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру туралы ережелеріне келесі өзгерту енгізілсін:

1. Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- академиялық кеңес – институттың оқу-әдістемелік жұмысын алқалық басқару нысаны;

- академиялық міселелер бойынша проректор (бұдан әрі - проректор) – институттың оқу-әдістемелік жұмысын тікелей басқаратын басшы;

- әдістемелік бірлестік – білім беру бағдарламасын (бұдан әрі – ББ) іске асыру бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар енгізу үшін ББ топтары (бұдан әрі – ББТ) бойынша профессор-оқытушылар құрамының (бұдан әрі – ПОҚ) бірлестігі;

- оқу-әдістемелік жұмыс – білім беру үдерісін оқытушылық, тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарға жеткізу үшін психологиялық-педагогикалық, дидактикалық-әдістемелік және оқу-материалдық объектілермен қамтамасыз ету бойынша қызмет.

7. Институттың оқу-әдістемелік жұмысына тікелей басшылықты проректор жүзеге асырады.

Құрылымдық бөлімшелердің оқу-әдістемелік жұмысына жалпы басшылықты АБӘҒЖО жүргізеді. Құрылу тәртібін, қызметін, құрамы мен өкілеттіктерін Ғылыми кеңес белгілейтін оқу-әдістемелік жұмысты басқару жөніндегі алқалы орган болып академиялық кеңес табылады.

9. АБӘҒЖО МЖМБС-ға, үлгілік оқу жоспарларына сәйкес ББ жұмыс оқу жоспарларын әзірлейді, олар факультет кеңесінде, академиялық кеңесте қаралады және оң қорытынды алғаннан кейін Ғылыми кеңесте бекітіледі.

10. Оқу жұмыс бағдарламаларын (силлабус) ПОҚ үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес (міндетті компонент пәндері үшін) әзірлейді, факультет кеңесінде, академиялық кеңесте қаралады және проректор бекітеді.

11. Әдістемелік нұсқаулар мен ұсыныстарды ПОҚ әзірлейді. Факультет кеңесінде, академиялық кеңесте, Ғылыми кеңесте талқыланып оң қорытынды алғаннан кейін редакция және дизайн бөлімі арқылы шығарылады.